

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологтарының  
2019-2020 оқу жылындағы психологиялық азарту бағыты бойынша  
атқарған жұмыстары.**

2019 жылы қыркүйек айының алғашқы апта күндері мектептегі педагог-психологтың жылдық жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарыла басталды. Жоспар «Түркістан облысы әкімдігінің 20 сәуірдегі №111 қаулысындағы бекітілген» ережелерге сәйкес құрылған, толығымен соған сәйкес іске асырылып отыр.

Қыркүйек айының 18-23 күні 1-сынып жетекшілерімен психоконсультациялық жұмыс жүргізілді. Сынып жетекшілер:

- 1.Жұмабаева Г
- 2.Мырзахасова Б
- 3.Ахунбекова Г
- 4.Сабирова Қ
- 5.Рсалиева Л
- 6.Сыздыкова С

Аталған сынып жетекшілерге 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделудегі бірқатар кеңестер берілді, атап айтсақ, оқушылардың әсіресе, психологиялық тұрғыдан бейімделуі қиынға соғатындығы жөнінде, олардың ұзақ уақыт бойы сабақта тыныш отыруының өзі оларға қиындық туғызатындығы жөнінде, яғни олардың зейін тұрақтығы, өзін-өзі ұстауы, өз-өзіне деген есеп беруі, өз ісіне жауапкершілікпен қарауы, т.с.с. қасиеттердің толық дамымағандығы туралы айтылып, оқушылардың осындай ерекшеліктерін де ескеріп, шыдамдылық, төзімділік танытып, олардың психикасына зиян келмейтіндей қатынас жасаулары туралы өтініш жасалды, түсіндірме жұмыстары жүргізілді, бірқатар пайдалы кеңестер берілді. Әсіресе, 1-сынып оқушыларының өміріндегі ең маңызды сәтте олардың сынып жетекшілері шешуші рөл атқарады, сондықтан да баланың көзқарасы, даму ерекшелігі, ішкі жан дүниесі ескерілу керек екендігі сынып жетекшілерге түсіндірілді. Баланың жан дүниесіне жол табу үшін олардың жүректеріне жол табу керек, ал ол үшін үлкен төзім мен шыдамдылық қажет екендігі түсіндірілді.

**Ұсыныс:** мектепке бейімделуі төмен оқушыларға ерекше зейін аударып, оларда оқуға деген жағымды қатынас орнату, өзін-өзі бағалауы төмен оқушыларда өзіндік бағасын жоғарылату үшін қолдап, жағдай жасауға көмектесу, төмен ұпай жинаған оқушыларда танымдық мотивацияны дамыту, оқушылардың мектепке деген қатынасын оң арнаға түсіру, мектептік өмірге үйрету қажет, ол үшін бала мектепке білім алып тәрбиелену үшін келетінін үнемі айтып отыру қажет, оқушыларда кеңістіктік байланыстар орнату қабілетін, көрнекілік қабылдау дәлдігін дамытқан жөн.

1-сынып оқушыларын мектеп режиміне үйрету іс-шаралары да жүргізілді.

**Тақырыбы:** "Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман!" тренинг - сабақ.

Іс-шараның мақсаты: жас мамандарға кәсіби тұрғыдан өзін-өзі ашуға, ұжымға бейімделе алмай жүрген мамандарға көмектесу, бағыт-бағдар беру.

**Тандалған әдістемелер:**

1. Сәлемдесу. Өзара жылы қарым-қатынас орнату. "Аялы алақан!" жаттығуы

2. "Ашуыңызды тежей аласыз ба?" тесті.

3. "Сарқырама" релаксациялық жаттығуы

4. Ситуациялық сұрақтар.

5. "Балалық шақтан қызықты оқиға" тренингі

6. Қорытынды. Рефлексия.

**Іс-шараға қатысқан мұғалімдер:**

1. Кенжешова М

2. Орынбасар Айтжан

3. Сайлауов Данабек

4. Күмісбаев Асылбек

5. Жұмабаева Г

6. Асқарбекова М

Іс-шара өз мақсатына жетті, мұғалімдер жақсы пікірлерін айтып, қорытынды кезінде мұғалімдер бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіріп, жақсы тілектерін білдіріп өтті.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4 – сынып оқушылары арасында «Денім сау болсын десең» тақырыбында әңгіме, лекция жүргізілді. (28 – 29.01.)

**Мұндай іс – шараның мақсаты:** балаларға дұрыс өмір сүру салтын насихаттау, денсаулықты қалыпты сақтау және оны күту туралы ақыл – кеңестер беру, санасында бекіту. Жаман, зиянды, әдеттердің адам денсаулығына зияндығы туралы, оның адам өмірін қысқартып, өмірдегі көп қуаныштан айыратыны туралы насихат айту, бала санасына жеткізу.

**Әңгіменің мазмұны:** салауатты өмір салты дегеніміз не? Денсаулықты бұзып, адамды ауруға әкелетін себептер, денсаулықты зерттейтін ғылым саласы туралы, денсаулықты сақтау ережелері туралы балаларға насихатталады.

**Іс – шараның қорытындысы:** әңгіме оқушыларға өте жақсы әсер етті. Оқушылар да өз ой – пікірлерін айтып өтті.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4 – сынып оқушылары аралығында «Құқықтық тәрбиенің маңыздылығы» тақырыбында баяндама оқылды. (30 – 31.01)

**Іс – шараның мақсаты:** оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Құқықтық оқыту мен тәрбие жұмысын дамыту.

**Іс – шараның мазмұны:** оқушылар арасында ата – заңымыз Конституция туралы, жеті ата тегіміздің ерекшеліктерін үйрету, заң алдында барлығы да бірдей екені туралы, әрбір адам – бірдей екені туралы айтылды.

**Іс – шараның қорытындысы:** оқушылар заң туралы сауаттылығын артып, бұл тақырыпта әңгіме, баяндама тыңдау оқушылардың қызығушылығын тудырып отырды.

*№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде жас мамандармен психологиялық жұмыс жүргізілді. (05-07.02.2020ж)*

**Жұмыстың мақсаты:** жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп, көңіл-күйлерін көтеру, қарым-қатынасының белсенді стилін дамыту.

*Сабақ өз мақсатына жетті, мұғалімдердің ситуациялық сұрақтарға жауап беруі, ойындарға қатысуы белсенді өтті, алға деген ұмтылыстары өте жақсы,ізденсем, білсем, үйренсем деген құлшыныстары жоғары деңгейде екендігі байқалды.*

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 1-3 сынып оқушылары арасында жұмысы жүргізілді. (05-06.03.2020ж)

**Іс-шара тақырыбы:** "Балаларды салауатты өмір салтына дағдыландыру"

**Іс-шараның мақсаты:** балаларға дұрыс өмір сүру салтын насихаттау, денсаулықты қалыпты сақтау және оны күту туралы ақыл -кеңестер беру, денсаулыққа ненің пайдалы, ненің зиянды екенін түсіндіріп қана қоймай, санасына бекіту.Жаман, зиянды әдеттердің адам денсаулығына зияндығы туралы, оның адам өмірін қысқартып, өмірдегі көп қуаныштан айыратыны туралы насихат айту, бала санасына жеткізу.

**Жұмыс барысы:** оқушылар көздерін жұмып, өмірде дені сау, спортпен шұғылданатын, өзгелерге мейірімді, білімді адамның өмірін елестетіп, қандай тамаша екенін сезіндіре алу, ал керісінше , салауатты өмір салтын ұстанбай, спортпен шұғылданбай, адамдарға жамандық, қатігездік жасаудың түбі қандай қорқынышты екенін көз алдарына елестетіп, сезіндіре білу.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 3-4-сынып оқушылары арасында **«Балаларды салауатты өмір салтына дағдыландыру» тақырыбында аутотренинг жүргізілді.** (12-15.03.)

**Мұндай іс-шараның мақсаты:** балаларға дұрыс өмір сүру салтын насихаттау, денсаулықты қалыпты сақтау және оны күту туралы ақыл-кеңестер беру, денсаулыққа ненің пайдалы, ненің зиянды екенін түсіндіріп қана қоймай, санасында бекіту. Жаман, зиянды әдеттердің адам денсаулығына зияндығы туралы, оның адам өмірін қысқартып, өмірдегі көп қуаныштан айыратыны туралы насихат айту, бала санасына жеткізу.

**Әңгіменің мазмұны:** салауатты өмір салты дегеніміз не?, денсаулықты бұзып, адамды ауруға әкелетін себептер, денсаулықты зерттейтін ғылым саласы туралы, денсаулықты сақтау ережелері туралы балаларға насихатталады.

**Аутотренинг барысы:** оқушылар көздерін жұмып, өмірде дені сау, спортпен шұғылданатын, өзгелерге мейірімді, білімді адамның өмірін елестетіп, қандай тамаша екенін сезіндіре алу, ал керісінше, салауатты өмір салтын ұстанбай, спортпен шұғылданбай, адамдарға жамандық, қатыгездік жасаудың түбі қандай қорқынышты екенін көз алдарына елестетіп, сезіндіре білу.

Аутотренингте **«Денсаулықтың достары мен қастары»** атты тақырыпта бастауыш сынып оқушыларына тартымды біршама дүниелер де келтірілген, мысалы, денсаулықтың ең бірінші қастарының бірі – ***ЕРІНШЕКТІК, ШАМАДАН ТЫС ТАМАҚТАНУ, ҰЗАҚ УАҚЫТ ТЕЛЕДИДАРДЫҢ АЛДЫНДА ОТЫРУ, ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРГЕ БОЙ АЛДЫРУ*** т.с.с. әдеттер келтірілген.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 4-сынып оқушылары арасында **«Махаббат, сүйіспеншілік, бақыттың бастауы – Ананың Алақанынан!»** тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. (16-19.03.)

**Мұндай іс-шараның мақсаты:** оқушылардың бойында мейірімділік, бауырмашылдылық, қайырымдылық секілді қасиеттерді қалыптастыру, баланың анасының алдындағы борыш-міндеттерін сезіндіре білу, ата-анаға жақсылық жасай білуге баулу.

**Тренингтің мазмұны:** баланың бойында жағымды, жақсы қасиеттерді қалыптастыра білу, өзгелермен дұрыс қарым-қатынас жасай

білуге дағдыландыру, жақсы мен жаманның айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

**Аутотренинг барысы:** оқушыларға Ананың қандай жан екендігі туралы, адамзаттың өмірінде Ананың рөлі қандай екендігі туралы әңгіме жүргізіп, өлең жолдарымен түсіндіре, сезіндіре білу. Оқушылар өздерінің аналары туралы, өзінің өмірінде ананың рөлі қандай, оны қаншалықты жақсы көретіндігі туралы, анасының жақсы қасиеттері туралы айтып берулері ұсынылады. (Осы жерде отбасында сүйіспеншілікке бөленбеген бала байқалады, бірақ біздің тренинг өткізілу барысында мұндай балалар байқалмады).